

2009 жылдың сәуір-маусым мен қазан-желтоқсан айларында азаматтарды кезекті мерзімдік әскери қызметке шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі № 136 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 мамырда № 9-20-150 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына "Әскери міндеттер және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-тармағына, 23-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақырудан босатылуға немесе кейінге калдыруға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтар оқу орындарынан шығарылған және белгіленген әскери мерзімді өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусым мен қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылсын.

2. Шақыру жүргізу кезінде әскерге шақырушыларды сапалы дәрігерлік куәландыру мақсатында "Федоров аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігеріне ұсынылсын:

1) аудандық әскерге шақыру пунктерін белгіленген талаптарға сәйкес қажетті медициналық-санитарлық мүлікпен, құрал-жабдықтармен және медициналық құралдармен жинақталу бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

2) әскерге шақырушыларды медициналық куәландыру үшін қажетті дәрігерлер мен орта медициналық персоналдар жіберу;

3) қажетті жағдайда әскерге шақырушылардың стационарлық емделуін өткізуді қамтамасыз етсін, ол үшін "Федоров аудандық орталық аурухана" мемлекеттік

коммуналдық қазыналық кәсіпорынында 10 керуерт-орын бөлінуі қарастырылсын.

3. Федоров селосы және селолық округтер әкімдеріне:

1) әскерге шақырушыларды медициналық комиссиядан өтуге аудандық комиссиясының отырысына және әскерге жіберу үшін уақытында жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) мерзімді әскери қызметін өтеу үшін жіберілетін әскерге шақырушыларды салтанатты шығарып салу жөнінде іс-шаралар ұйымдастырылсын.

4. "Қостанай облысы Федоров аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыру және командаларды жөнелту кезінде ұсынылсын:

1) әскери қызметке шақырудан жалтарып жүргендерді іздестіру және ұстауды жүргізу;

2) әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген адамдардың жеткізуін қамтамасыз ету;

3) шақыру комиссиясының жұмысы кезінде, аудандық және облыстық медициналық комиссиясына шақырушылардың тергеу уақытында және шақырушылардың әскери бөлімдеріне кету уақытында қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің аймағында қоғамдық тәртібінің күзетін қамтамасыз ету.

4) аудан әкімімен бекітілген, шақыру комиссиясы жұмыстарының кестесіне сәйкес, шақыру пунктінде тәртіпті қолдауы үшін учаскенін инспекторлар жіберілсін.

5. Әскерге шақыру учаскесіне жұмысқа жіберілген әскерге шақыру комиссия мүшелерінің, медициналық қызметкерлердің және қызмет көрсетуші адамдардың осы азаматтар жіберілген ұйымдарда, жұмыс орны және алып отырған лауазымы сақталатыны еске алынсын.

6. "Федоров ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2009 жылға арналған ауданның бюджетінде қарастырылған қаражат есебінің шегінде іске асырсын.

7. "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі әкімдіктің осы қаулысын орындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты Федоров ауданының әкіміне 2009 жылғы 1 шілдесінде және 2010 жылдың 1 қаңтарында берілсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылы сәуір айында жасалған әрекеттеріне таратылады.

Федоров ауданының әкімі

А. Корниенко

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Федоров
аудандық ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

27 сәуірдегі 2009 жылғы

----- Е. Файзуллин

"Қостанай облысы Федоров
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі мемлекеттік
мекемесінің бастығы"

----- А. Никифоров

27 сәуірдегі 2009 жылғы

"Федоров аудандық орталық аурухана
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының бас
дәрігері"

----- В. Финк

27 сәуірдегі 2009 жылғы